

"Арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына сәйкес келетін арнайы экономикалық аймақ бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына сәйкес келетін арнайы экономикалық аймақ бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесіне қызметтің басым түрлерін енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандығы № 142 бүйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 498 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қыркүйекте № 21327 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің 2024 жылғы 22 ақпандығы № 72 бүйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылым министрінің 22.02.2024 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына сәйкес келетін арнайы экономикалық аймақ бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына сәйкес келетін арнайы экономикалық аймақ бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесіне қызметтің басым түрлерін енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандығы № 142 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16588 болып тіркелген, 2018 жылғы 18 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланды) бүйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Арнайы экономикалық аймағын құру мақсаттарына сәйкес келетін арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесінде:

4-тармақтың 16 тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"16) өзге де көліктік қосалқы қызмет;" ;

4-тармақ мынадай мазмұндағы 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27), 28), тармақшалармен толықтырылсын:

"17) киімнен басқа, мата емес тоқыма бүйымдарын шығару;

- 18) басқа топтамаларға енгізілмеген өзге химиялық өнімдер өндірісі;
- 19) негізгі фармацевтикалық өнімдер өндірісі;
- 20) фармацевтикалық препараттар мен медициналық материалдар өндірісі;
- 21) резенке санитарлық-гигиеналық және медициналық бұйымдар өндірісі;
- 22) электр өлшеуіш құралдарының өндірісі;
- 23) физикалық зерттеулер үшін құралдар өндірісі;
- 24) медициналық-хирургиялық аспаптар өндірісі;
- 25) сәулелендіретін, электромедициналық және электротерапиялық жабдық өндірісі;
- 26) медициналық құралдар, аппараттар мен жабдықтар өндірісі;
- 27) өзге маталар өндірісі;
- 28) арнайы киім өндірісі".

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі*

*Б. Атамкулов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі